



Талғат КЕНЖЕБАЙҰЛЫ: «Арқалыққа инвестиция тарту жолдарын қарастырып жатырмыз»

**Қаламызға Мемлекет
басшысы Н. Ә. НАЗАР-
БАЕВТЫҢ «ҚАЗАҚСТАН-
ДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚА-
ТЫНЫң ӨСҮІ: ТАБЫС
ПЕН ТҮРМЫС САПАСЫН
АРТТЫРУ» атапқан Қа-
зақстан халқына жолда-
уын түсіндіру мақсатын-
да облыстар арнайы өкіл
келді.**

Елбасының Жолдауын түсін-
діру бағытындағы ақпараттық
- насиҳат топтары бүгінде жер
- жерді араляп, жұмыстарын
жүргізіп жатыр. Осы мақсатта
қаламызға Қостанай облыстық
кәсіпкерлік және индустриялық
- инновациялық даму басқар-

делген мақсатқа жұмсалуын қа-
таң бақылауды қамтамасыз етуі
керек, - деп осы салада ауқымды
жұмыстардың қолға алынаты-
нын айтқан болатын. Осыларды
тілге тиек еткен Талғат МАЙ-
ШИН мырза аталған бағытта
Қостанай облысында атқарылып
жатқан және жоспарда бар жұ-
мыстар жайын, баян етті. Со-
нымен қатар, - Арқалық қала-
сының да дамуы назарымызда,
жыуық арада сіздерде ет өндөу
кешени жүзеге асады. Бұл жо-
бага мемлекет женілдетілген
несиемен көмек көрсетті. Қазіргі
уақытта біз Арқалыққа басқа да
инвестициялық жобаларды тар-
ту жолдарын қарастырып жа-
тырмыз, - деп атап етті Талғат
КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.

масы басшысының орынбасары Талғат КЕНЖЕБАЙҰЛЫ келді. Облыстан келген өкіл әкімдікте өткен жиында Жолдауда көрсетілген индустримальық – инновациялық даму, шағын және орта бизнеске қолдау бағытында айтылған бастамалар жайын баян етті. Президент өз Жолдаудында: Экономиканы өркендедүндің негізі саналатын шағын және орта бизнес нығайып келді. Дүниежүзілік Банктің бизнес жүргізу жеңілдігі рейтингінде Қазақстан 190 елдің ішінде 36-шы орынга көтерілді... Бизнессті өркендедүндің тұрақты: көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау керек. Дәл осы бизнес арқылы жаңа жұмыс орындары ашылып, қазақстандықтардың басым бөлігі табыспен қамтамасыз етіледі.... Салық және кеден саласындағы ақпараттық жүйелер интеграциясының аяқталуы әкімшілендірудің ашықтығын арттырады. Үкімет үш жыл ішінде экономикадағы көлеңкелі айналымды кем дегенде 40 пайызға қысқарту үшін нақты шаралар қабылдауга тиіс.... Бизнес өз жұмысын жаңадан бастау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салықтың негізгі сомасы төленген жағдайда, есім мен айыппулды алып тастай отырып, шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясын» жүргізуге кірісуді тапсырамын... Басымдыры бар жобаларға қолжетімді несие беру міндетін шешу үшін Ұлттық банкке кемінде 600 миллиард теңге көлемінде ұзак мерзімге қаржы бөлуді тапсырамын. Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, осы қаражаттың кез-

Жолдауда білім беру саласы жайында да көптеген мәселелер айттылды. Елбасы:- Жоғары білім беру ісінде оку орындарының маман дайында сапасына қатысты талаптар күштейтіледі. Біз гранттардың санын көбейттік, енді жауапкершіліктің кезеңі келді. Жоғары оку орнының табыстылығын бағалаудың басты критерийі – оку бітірген студенттердің жұмыспен қамтыштылуы, жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы. Жоғары оку орындарын ірілendіру саясатын жүргізу қажет. Нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндері ғана қалуға тиіс. Назарбаев Университетінің тәжірибесіне сүйеніп, уздік шетелдік топ-менеджерлерді жұмысқа тарту арқылы әлемнің жетекші университеттерімен әріптестік орнату маңызды. Қазіргі білім инфрақұрылымының базасында Назарбаев Университетінің үлгісімен өңірлік жаңа жоғары оку орнын құру қажет деп санаймын, - деген болатын. Осы бағытта ы. Алтынсарин атындағы АрқМПИ ректорының орынбасары Нұрлыхан ТЕМІРБЕКОВ байдама жасады. Ректор орынбасары айтқандай институтқа биылғы жылы бүрін соңды болмаған 350 грант бөлініпті. Одан да кеп грант ұсынылғанымен, оку орынның жатақханасы сонша студентті қабылдауға тарлық етіп отыр. Ол мәселенің шешіліту қарастырылғып жатыр екен. Нұрлыхан ТЕМІРБЕКОВ мырза мәлім еткендей институт жолдауда айтылған тапсырмаларды орындарап, ондағы талаптан шығу үшін тиісті жұмыстарды жалғастыра бермек.